

**Көрікті көктем**

Динбаева Алуа Кабидуллоевна  
"Ғ. Мүсірепов атындағы жалпы орта білім беру мектебі" КММ  
мұғалімі

Мақсаты: Табиғатты сүйеге баулу, балалардың құстар туралы түсініктерін кеңейту, құстардың пайдасына тоқталу. Өлеңдердің мағынасын түсіну, сөздік қорын байыту. Байланыстырып сөйлеуге үйрету. Табиғатқа деген мейірімін ояту, адамгершілікке баулу.

Дамытушылық: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге машықтандыру. Жауапкершілік сезімін ояту.

Тәрбиелік: Балаларды құстарды қоректендіріп тұруға үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

Қолданған әдіс-тәсіл: Сұрақ-жауап, топпен жұмыс, көрнекіліктер, ойын, триз (жақсы-жаман), коллаж.

Көрнекіліктер: Табиғатқа байланысты суреттер, құс ұялары суреттері, құстардың суреттері

Тәрбиеші:

Балалар бізге қонақтар келіпті алдымен амандасып алайық.

Балалар жылулық шеңберіне тұрады:

Сәлем бердім күнге мен,

Сәлем бердім аспанға,

Сәлем бердім жерге мен,

Сәлем бердім саған да

Сәлем бердік қонақтар

Табиғатқа, құстарға.

Ал енді балалар орнымызға жайғасып алайық

«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ».

Табиғат дегеніміз не балалар?

-Жер, су, ауа, тау-тас, өсімдіктер, жануарлар, құстар.

Балалар мен сендерге 1-шумақ өлең оқып берейін сендер бұл өлеңде не туралы екенін айтып бересіңдер ме?

Құстар, құстар келеді,

Даланы жырға бөледі,

Көктем келді деп бізге

Жылы хабар әкелді.

- Ал, көктемде не өзгерістер болатынын кім біледі, айтыңдаршы .

-Ия балалар, көктемде жауын –шашын көп болып, жер көгеріп, гүлдер өсіп, құстар жылы жақтан ұшып келіп бау-бақшамызда ән салып, сәнін кіргізеді.

Енді, балалар, біздер табиғатқа саяхат жасайық.

Табиғат дегеніміз- бізді қоршаған орта. Тау, тас, өсімдік, ауа, ағаш т.б.

Балалар біз табиғаттың, өлі табиғат, тірі табиғат болып бөлінетінін білеміз.

-Қане ендеше кім айтады тірі табиғатқа нелер жатады?

Өлі табиғатқа нелер жатады? ( балалардың жауабы)

Суреттермен жұмыс. Табиғат туралы әңгімелесу.

Табиғат туралы тиым сөздер.

Гүлді үзбе.

Көкті жұлма,

Суды төкпе.

Суға түкірме.

Ұяны бұзба.

Құмырсқаның илеуін бұзба.

Гүлдер туралы тақпақтар айту.

Аружан: Түймедақ

Түймедеймін, сары дақ ортасында

Тарала өскен ақ гүлі бар қасында.

Жанель: Қызғалдақ

Қырқалардың төрінен

Лаулап көзге ұрады.

Қызғалдақтар өңірді

Қып-қызыл ғып тұрады.

Айсана: Бәйшешек

Мен дегенім – бәйшешек,

Бірінші гүлі көктемнің

Бәйшешекті оятар

Баяулап түртіп, көктем нұр.

Мақал айту: Гүл – жер көркі, қыз – ел көркі. (хормен)

Құстың келуінен біз көктем келгенін білеміз. Ендеше құстар әлеміне саяхат жасайық. Суреттермен жұмыс.

- Балалар, біз құстарға қандай көмек көрсете аламыз?

- Құстардың бізге қандай пайдасы бар?

- Олар немен қоректенеді?

- Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?

- Құстар жайлы қандай тақпақ білесіңдер?

Рустам:

Құстардың ғажап әлемі,

Табиғат берген тамаша.

Құстардың өтер өз тойы

Жылы ұя салған әр көлде.

Аңсар:

Құстар келіп құттықтап.

Қуанамыз қолдаймыз.

Ұя жасап ұқыптап,

Біз оларды қорғаймыз.

Жансері:	Қарлығаш боп ұшайық,
Сәлем елдің көктемі.	Торғай болып қонайық,
Әлем енді көктеді.	Сауысқан боп секіріп,
Құрметпен бас иеді,	Бүркіт болып самғайық.
Құстарыңа көктегі.	Қане қанат жазайық
Бекзат:	Ұшып-ұшып алайық,
Сәуір келді міне жайнап,	Орнымызға қонайық.
Көктемнің бұл айы.	Ертегілер еліне саяхат.
Құс біткеннен төгілген ән	Ертегі «Көктемнің сәні»
Бейне көктем жырлары.	- Балалар, сендер үшін көктемнің сәні не деп ойлай- сыңдар?
Алинұр:	Көркем іс-әрекет орталығына саяхат.
Орман іші солқылдап,	Шығармашылық тапсырма. 2-топқа бөлу. Коллаж құрастыру. «Көрікті көктем»
Жаңғырып тұр түнімен	Сандар әлеміне саяхат.
Ұрды ағашты тоқылдақ	Көгершіндегі сандарды ретімен атап орнына қо- йып, шыққан сөзді оқу.
Тұмсығының түбімен.	«Құс – адал дос».
Мадияр:	Ойын әлеміне саяхат.
Бүркітті қолыма аламын,	«Тамаша» ойыны.
Құсбегілік құрамын.	- Балалар, болашақта табиғатты бүлдірмей қорғап, гүлдендіретін сендерсіңдер.
Тау мен тасты аралап,	Қазақстанымыз көркейіп, ауамыз таза, табиғаты- мыз сұлу болуы үшін сендердей ұландар өсіп кел- леді.
Түлкіні кеп қуамын.	Табиғатты қорғау үшін бәріміз,
Нұрәлі:	Күресейік, бір-бір ағаш егейік.
Тазалаймын үй-ішін,	Текке отырмай, жасымыз бен кәріміз,
Шыбын деген кеселден	Таза ауа үшін терімізді төгейік.
Ел аузында мақтаулы,	Сүйейік табиғатты аялайық,
Санитармын төселген.	Біз одан жақсылықты аямайық.
Азамат:	Анадай табиғаттың аясында,
Құс сұлуы – аққуым,	Жадырап жас балаша дем алайық!
Табиғат көркін сыйлаған.	Қорытындылау, қонақтармен қоштасу.
Мылтығын кезеп еш аңшы.	
Атуға көзі қимаған.	
Мақал айту: Аққуды атпаймыз, достықты сатпай- мыз (хормен)	
- Балалар шаршадыңдар ма?	
Онда сергіту жаттығуын жасайық:	